«Атлетикалық ауыл» нысаны коммерциялық аумағының сумен қамтамасыз ету, нөсерлік желі, сыртқы және ішкі кәріз желісі, жылыту пункттері, жылу энергиясы және су тұтынуды есептеу құралдарының ішкі және сыртқы жүйесіне техникалық пайдалану және қызмет көрсетуге мемлекеттік сатып алулар бойынша

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ: «Алматы қаласының спорт құрылыстары дирекциясы» ЖШС. Мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Алғабас 1 ш.а., 7 үй. «Алматы Арена» Мұз сарайы ғимараты.

ҚЫЗМЕТТЕР АТАУЫ: «Атлетикалық ауыл» нысаны коммерциялық аумағының сумен қамтамасыз ету, нөсерлік желі, сыртқы және ішкі кәріз желісі, жылыту пункттері, жылу энергиясы және су тұтынуды есептеу құралдарының ішкі және сыртқы жүйесін техникалық пайдалану және қызмет көрсету. Қызмет көрсетілетін жүйелерді модернизациялау және электр энергиясын үнемдеу бойынша шаралар және сметалар дайындау.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРНЫ: Алматы қ., Алатау ауданы, Алғабас 1 ш.а., 5 үйде орналасқан «Атлетикалық ауыл» (одан әрі-Нысан).

ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ КЕЗЕҢІ: шарт жасалған кезеңнен 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

1. СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, НӨСЕРЛІК ЖЕЛІ, СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ КӘРІЗ ЖЕЛІСІ, ЖЫЛЫТУ ПУНКТТЕРІ, ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӘНЕ СУ ТҰТЫНУДЫ ЕСЕПТЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЖҮЙЕСІН ТЕХНИКАЛЫҚ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

- Нысанда қауіпсіздік, комфорт және сервисті қамтамасыз ету.
- Сумен қамтамасыз ету, нөсерлік желі, сыртқы және ішкі кәріз желісі, жылыту пункттері, жылу энергиясы және су тұтынуды есептеу құралдарының ішкі және сыртқы жүйесінің (одан әрі- Инженерия жүйесі) элементтерінің ақаусыз күйін қамтамасыз ету.
- Пайдалану режимін және стандартын күнделікті жүзеге асыру.
- Жабдықтар және энергия ресурстарын тиімді пайдалану.

2.ИНЖЕНЕРИЯ ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- **Техникалық күйіне мониторинг жасау**

Инженерия жүйесінің бейінді мамандарымен күн сайынғы, жоспарлы, жоспардан тыс қарау арқылы бақылау жасау.

- **Нормативті шаралар және құжаттама** Инженерия жүйесін пайдалану кезінде техникалық құжаттама жүргізу талаптарын орындау.
- **Техникалық қызмет көрсету**

Инженерия жүйесінің жарамды күйін ұстау, уақытылы диагностикалау және зерттеу бойынша жұмыстар кешені.

- **Клининг**

Жұмыстар орындау барысында тазалықтың берілген стандарттарын қамтамасыз ету, оларды аяқтаған соң санитарлық- гигиеналық шараларды жүргізу, сонымен қатар Инженерия жүйесін тазалықта ұстау.

- **Техникалық консалтинг**

Модернизациялау және интеграциялау мәселелері бойынша кеңес беру, субмердігерлік мекемелер алдында меншік иесінің қызығушылығын қорғау, сонымен қатар бейінді контрагенттермен әрекет ету.

- **Ресурстармен қамтамасыз ету**

Пайдалану үдерісін шығын материалдарымен, қосалқы бөлшектермен, құралдар және жабдықтармен жабдықтау.

3.ИНЖЕНЕРИЯ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ КҮЙІНЕ МОНИТОРИНГ ЖАСАУ

- Инженерлік жүйенің технология және әдістемесінің мониторингі Жеткізушімен жасалатын сәйкес қызмет көрсету және пайдалану бойынша нұсқаулықпен реттеледі:

Бұл жұмыстар Жеткізушінің маманымен визуалды түрде және аспапты түрде техникалық диагностика құралдарын пайдалану арқылы орындалады.

Техникалық күйге мониторинг жасауға Инженерия жүйесінің барлық элементтері жатады.

Тексеру, зерттеу және сынақтар нәтижелері журналдарда, актілерді және есеп берулерде жазылуы тиіс.

Тексерулер кестесін Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шартқа қол қойылған соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітуге беруге тиіс.

Тексерулердің мерзімділігі бекітілген Тексерулер кестесіне сай жүргізіледі.

Қолданылатын техникалық визуалды қарау әдістемесі «маманның көзқарасы» деп аталады

Қорыта келгенде, әр «элемент» бойынша түрлі мамандардың зерттеуімен болған ақпарат жиналуы қажет. Осындай мәліметтердің әртүрлілігі әр «элементтің» тозу деңгейін объективті түрде бағалауға, оны барлық пайдалану көрсеткіштеріне сәйкестігін тексеруге және барлық элементтердің жалпы жағдайы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда, пайдалану көрсеткіштері ретінде техникалық, санитарлық-гигиеналық, экономикалық эстетикалық сипаттамалардың жиынтығы қаралады.

Инженерия жүйесін қарау Жеткізушінің техникалық маманымен жұмыс параметрлерін және анықталған ақауларды тіркеу арқылы жүргізіледі.

Сондай-ақ, Жеткізушінің мамандары Қызметтер көрсету кезінде табылған кемшіліктерді жұмыс жүргізу журналында фотоны (соның ішінде Нысанның шектес жүйелері бойынша) тіркейді.

- Инженерия жүйесінің комиссиялық тексерістері:

Ай сайынға тексерістер құрамына қосымша орындауды талап ететін жұмыс түрлерін анықтау мақсатында және жұмыс жоспарына енгізу үшін қатысатын Тапсырыс берушінің өкілдері кіреді.

- Жоспардан тыс тексерулер жабдықтардың апаттық жағдайында, қисынсыз жұмысында қажет (1 кестені қараңыз):

Үдіріс технологиясы: қарау – тіркеу – талдау – шешім – жоспар.

- Техникалық күй туралы есеп Қызметтерді көрсету мерзімінде Инженерия жүйесін пайдалану бойынша шаралар жоспарын құрау үшін базалық ақпарат болып табылады.
- Қосымша нұсқаулар:

Инженерия жүйесінің техникалық күйіне жоспарлы тексерулер жүргізу барысында есеп беруді жүргізумен қатар, сандық фотокамераға проблемалық аумақтарды немесе даулы «кезеңдерді» тіркеу қажет.

Фотосуреттер жабдықтардың жөндеу алдында қандай күйде болғанын және ол қазір қандай күйде тұрғанын көрнекі түрде бағалауға көмектеседі.

4. СЕРВИСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Инженерия жүйесін, оның құрылымдарын және коммуникацияларын техникалық пайдалану- Жабдықтарды пайдалану үдерісінде олардың Жеткізушімен жүзеге асырылатын мерзімділігінен құралатын жұмыс қабілеттілігін және техникалық жарамдылығын қамтамасыз ету бойынша операциялар кешені.

Оның орындалуынан Инженерия жүйесінің ағымдағы пайдаланылуы және бекітілген қызмет мерзімі (паспорттық), сонымен қатар осы мерзімді ұзарту мүмкіндігі осыған байланысты.

Техникалық пайдаланудың түбегейлі схемасы мынадай:

- Инженерия жүйесінің ағымдағы қызметі жабдықтарға қатысты профилактикалық сипаттағы жүйелі әдіс шараларын (қызмет көрсететін мекеменің дайындалған кестесіне сәйкес) (күнделікті техникалық қызмет көрсету- ЕТО) жүргізумен қамтамасыз етіледі.

• Бекітілген (паспорттық) қызмет мерзімі- жоспарлы- ескерту және регламенттік жұмыстармен (ППР).

• Бұл мерзімді ұзарту мүмкіндігі- жоспарлы ағымды жөндеумен (ТР).

Мұндағы;

• ЕТО – инженерлік жүйенің барлық элеметтерін және олардың берілген параметрлерінің (баптау, реттеу, шығын материалдарын ауыстыру, ұсақ жөндеу және т.б.) күнделікті сүйемелдеу бойынша жұмыс кешені.

• ППР- бұл бөлшектердің, тораптардың, механизмдердің уақытынан бұрын тозуын ескерту және оларды жұмысқа жарамды күйде ұстауға бағытталған технологиялық жабдықтарды күтім, бақылау, пайдалану және жөндеу бойынша ұйымдастыру және техникалық шаралар кешені.

• ТР- жарамдылықтарды (жұмысқа жарамдылығын) қалпына келтіру мақсатындағы ағымдағы жөндеу, сонымен қатар, эксплуатациялық көрсеткіштерді қалпына ұстау.

Апаттық – Нысанның одан әрі зақымдануының немесе келушілердің денсаулығына және қауіпсізідігіне қауіпті жою (мысалы, су құбырының жарылуы, қазандықтың бұзылуы, жарықтандыру аспаптарының ақаулары және т.б.) кезде бірден орындалуға тиісті жоспарланбаған техникалық қызмет көрсету.

5.ИНЖЕНЕРИЯ ЖҮЙЕСІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ҮРДІСІН РЕТТЕЙТІН ҚҰЖАТТАР

Техникалық паспорт

Инженерия жүйесін пайдалануда неғұрлым сапалы жолын табу үшін толық жете суреттеу, соның ішінде құрамдас бөлшектерінің, қажет.

Жеткізуші Инженерия жүйесінің жобалық шешіміне сүбелі өзгерістер енгізген соң олардың техникалық паспортын қайта қарауға мүмкіндік беретін төмендегі:

- Жобалық-сметалық құжаттама.
- Пайдалану бойынша рұқсат етілетін қуаттар, шығындар.
- Техникалық шарттары көмектеседі.

Технологиялық нұсқаулықтар

Қызметтер көрсету кезіндегі Жеткізушінің барлық әрекеттері сәйкес Техникалық нұсқаулықтармен- жұмыстар тізбесін суреттеу (негізгі және қосымша) және бұл жағдайда қолданылатын құралдар және мехнизация құралдары, технологиясымен реттеледі.

Жеткізуші Шартқа қол қойылған 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіден жұмыстар тізбесін суреттеу (негізгі және қосымша) және бұл жағдайда қолданылатын құралдар және мехнизация құралдары, технологиясын қайта қарауға және бекітуге міндетті.

Пайдалану ережелері

Қызмет көрсетілетін Инженерия жүйесін пайдалану екі концептуальды құжатпен реттеледі:

- Техникалық пайдалану ережелері.
- Пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелері.

Жұмыс кестесі

Жеткізуші Шартқа қол қойылған 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіден ай сайынғы жұмыс кестесін, сонымен қатар, мамандардың жұмыс кестесін жасайды және бекітеді.

Эксплуатациялық жауапкершілік шекараларының актісі.

Жабдықтарды қабылдау/өткізу актісі

Шартқа қол қойған соң, сонымен қатар Шарт мерзімі аяқталған соң Жабдықтарды қабылдау/өткізуді (1 кестені қараңыз) сәйкес актімен жүргізу.

Ай сайынғы есеп.

Ай сайынғы есеп–бір айдың ішінде жасалған жұмысты қорытындылау формасы, сонымен қатар, Шартты орындау барысында Жеткізушінің әр айдың 30-күнінен кешіктірмей жазбаша түрде жасалатын және Тапсырыс берушімен бекітілетін көрсетілген Қызметтерді қосымша қабылдауды растайтын қызмет нәтижесін көрсетудің тәсілі.

Ай сайынғы есеп міндетті түрде төмендегі мазмұнде, бірақ шектелмеген түрде:

бір ай ішінде жасалған жұмыстардың орындау мерзімі және уақыты көрсету арқылы жасалған толық жұмыстар тізбесі;

орындалған жұмыстарды тіркеу арқылы көрсетілген фотоматериалдар, соның ішінде «дейін» және «кейін»;

жүйе бөлшектерінің қызмет көрсетілген, ауыстырылған, жөнделген сандық және сапалық көрсеткіштері;

- Жеткізушінің Тапсырыс берушіге ұсыныстары және т.б.

6.ЖАБДЫҚТАР ТІЗІМІ

Жабдық Қабылдау- өткізу актісі бойынша өткізіледі.
Жабдықтар тізімі 1 – кестеде көрсетілген

7.ИНЖЕНЕРИЯ ЖҮЙЕСІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАР ТІЗБЕСІ

Жылыту жүйесі

Күнделікті техникалық эксплуатация:

- жүйенің жарамсыздығын қарау және тіркеу;
- жылыту жүйесі жұмысын бақылау, ауа тығындарын жою, апаттық жағдайларды жою, апаттық қызметті шақыру;
- жылыту пункттері жұмысына бақылау;

есептеу құралдары көрсеткіштерін алу;

- ұсақ жарамсыздықтарды жою бойынша жұмыстарды орындау.

Жоспарлы-ескерту жұмыстары (ППР)

- жылыту мерзімі аяқталған соң орталық жылыту құбырларын күнделікті шаю;
- кеңейткіш ыдыстарға тоқсан сайынғы қызмет көрсету (құрғату, ауа қысымын тексеру);
- өлшеу аспаптарын тоқсан сайын тексеру және істен шыққандарды ауыстыру;
- жылу торабында құбыр жолдарын және жылу техникалық жабдықтарын жыл сайынғы сырлау;
- энергиямен қамтамасыз ету мекемесімен бірге басты енгізулерді жыл сайын қысыммен шаю;
- жылыту жүйесінің құбыр жолдарын, тығын арматурасын, жылыту приборларын ай сайынғы тексеру;
- Тапсырыс берушінің және коммуналды қызметтердің келісімімен есептеу құралдарын жөндеу және ауыстыру.

Ағымдағы жөндеу (ТР)

- құбыр жолдарының кейбір учаскелерін, жылыту құралдары секцияларын, тығын және реттеу арматураларын ауыстыру;
- тығын, реттеу арматуралары және жабдықтарын бөлшектеу және жөндеу;
- жылу құбырларының жылу оқшаулағышын ұсақ жөндеу;
- бұрандық, фланецті, тығын жалғағыштарындағы ағынды жою.

Шаруашылық – ауыз су су желісі

- жалпы техникалық күйін тексеру және жарамсыздықтарды жою;
- сақтандырғыш және реттеуіш құрылғыларының жұмысын тексеру;
- торлы фильтрлерді тазалау;
- контрагайка, муфталарды тарту немесе оларды ауыстыру;
- жылу оқшаулағышқа ұсақ жөндеу;
- құбыр желілерінің, араластырғыш аспаптарының және ілмекті арматура тесіктерінің көзін жою;
- ернеме жалғаулықтарындағы тесіктерінің көзін жою, тығыздағыштарды ауыстыру;
- есептеу құралдары көрсеткіштерін диспетчерлеу операторларының журналына жазу арқылы алу.

Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесінің құбыр жүйесі

- жалпы техникалық күйін тексеру және көзге көрінген жарамсыздықтарды жою;
- сақтандырғыш және реттеуіш құрылғыларының жұмысын тексеру;
- торлы фильтрлерді тазалау (қажеттілік бойынша);
- контрагайка, муфталарды тарту немесе оларды ауыстыру;
- жылу оқшаулағышқа ұсақ жөндеу;
- құбыр желілерінің, араластырғыш аспаптарының және ілмекті арматура тесіктерінің көзін жою;
- ернеме жалғаулықтарындағы тесіктерінің көзін жою, тығыздағыштарды ауыстыру;

Санитарлық-техникалық жабдықтар

- көрінетін жарамсыздықтарды жою, төккіш арматураны реттеу, бекіткіштерді тарту;
- сифон қоқымдарын жою;
- жабдықтарда инфрақызыл датчиктері бар қоректену элементтерін (батарея) ауыстыру;
- раковина және душ бөлмелеріндегі араластырғыштарды жөндеу;
- қысым және ағу жалғастырғыштарындағы тесіктердің көзін жою.

Тұрмыстық ақпасу (ішкі тұрмыстық) кәріз құбыры қабылдау және жою жүйесі

- жалпы техникалық күйін тексеру және тұрмыстық ақпасу құбыр жолдарының көзге көрінген жарамсыздықтарын жою;
- құбыр жолдарын сыртқы қарау және қажеттілікке байланысты тазалау;
- ұсақ жөндеу шараларын жүзеге асыру- бекіткіштерді орнату, контрылдиларды жою, біріктіруші ратструбтарды тығыздау, тросты пайдалану арқылы қоқымды тазалау, қажеттілікке байланысты кәріз жолдарын арнайы техникамен тазалау.

Нөсер желі (нөсерлік- ішкі кәріз жолдары) қабылдау және жою желісі

- жалпы техникалық күйін тексеру және кәріз жолдарының көзге көрінген жарамсыздықтарын жою;
- кәріз жолдарын сыртқы қарау және қажеттілік бойынша тазарту;
- ұсақ жөндеу шараларын жүзеге асыру– бекіткіштерді орнату, контрылдиларды жою, біріктіруші ратструбтарды тығыздау, қажеттілікке байланысты тросты пайдалану арқылы қоқымды тазалау.

Сыртқы тұрмыстық және нөсер кәріз жолдары

- ағынды құдықтарды қарау– айына бір рет;
- май жинағыштарды қарау– апта сайын;
- тұрақтарға кірер жолдағы жанасшұңқырларды апта сайын қарау;
- тросты қолдану және су құю арқылы қоқымдарды тазалау- қажеттілік бойынша;
- құдықтарды автомашинамен сору- қажеттілік бойынша.

Сыртқы су құбыры желілері

- ілмекті арматуралы және өрт гидрантты құдықтарды қарау – ай сайын;
- ілмекті арматуралы және ернеме жалғаулықтарындағы тесіктерінің көзін жою– қажеттілік бойынша;
- қажеттілік болған жағдайда ысырма сүмбелерін майлау, қажеттілік бойынша;
- ернеме жалғаулықтарындағы ілмекті арматураны бұзу және сальникті тығыздағыштарды тығындау арқылы жөндеуді жүзеге асыру- қажеттілік бойынша;
- Тапсырыс беруші барлық шығын материалдарын, ілмекті арматура, манометр, термометр, үш жүрісті клапандарды, тығыздағыштарды, тығыздау резіңкесін, сифондар, апару гофраларын, араластырғыштар, шлангтер, унитаз жиынтықтылығы, циркуляциялық насостарды өз есебінен сатып алуды жүзеге асырады.

Жылу энергиясын және су тұтынуды есептеу аспабы

- жылуды және су тұтынуды есептеу аспабының мониторингы
- жарамды модем байланысы болуы;
- жылу энергиясы және су тұтынуды есептеу аспаптарын көрсеткіштерін коммуналды қызметтер жеткізушілерінің уақытылы өткізілуіне бақылау;
- Тапсырыс берушінің электронды мекенжайына жылу энергиясы және су тұтынуды есептеу аспаптарының көрсеткіштерін күнделікті жіберу;
- жылу энергиясы және су тұтыну шығындары бойынша күнделікті есепті қағаз жеткізгіште жіберу;
- күн сайын қызмет пломбалардың, алмалы-салмалы жалғағыштар, түйін бекіткіштерін сыртқы қарау, байланыс желілерінде анықталған жарамсыздықтарды жою;
- жылу энергиясы және су тұтынуды есептеу құралдарының жұмыс қабілеттілігіне жыл бойы бақылау жасау;

- есептеу құралдарының істен шыққаны немесе режимінің және жұмыс шарттарының бұзылу туралы Тапсырыс берушіге тез арада жазбашша түрде хабарлау.

Жылу энергиясын және су тұтынуды есептеу

Жылуды және су тұтыну шоттарын Тапсырыс беруші Нысандарына нақты шығындарына сәйкес есептемеген жағдайда, Жеткізуші коммуналды қызметтерді жеткізушілерден төлем бойынша қайта есептеуді талап етуге немесе ҚР заңдылықтарына сәйкес осы айырма төлемді өтеуді талап етуге міндетті.

Апаттық-жөндеу жұмыстары

Апаттың алдын алу және жою:

Инженерия жүйесінің жабдықтарында апаттық жағдайларды жою кезіндегі Жеткізушінің қызмет көрсететін персоналының негізгі міндеттері:

- жабдықтардың бүлінуін асқынуының алдын алу;
- персоналдың зақымдалуын және апат алмаған жабдықтардың бүлінуін жоққа шығару;
- апаттан соңғы сенімді схема және оның жеке бөліктеріне құрау;
- сөніп қалған және сөндірілген жабдықтардың күйін анықтау және мүмкін болған жағдайда оны жұмысқа қосу.

Жеткізуші қызметкерлерінің санына жауапты инженерде апаттың алдын алу және жою бойынша жергілікті нұсқаулық болуға тиіс.

Апаттық көзін жою кезінде Жеткізушіге ауысымды қабылдау және тапсыруға тыйым салынады.

Жеткізушімен жұмыс

Жұмыс басталғанға дейін Жеткізуші Қызмет көрсетуге қатысушы мамандардың тізімін Тапсырыс берушіге күнделікті жұмыстар кестесімен жазбаша түрде тапсыруы қажет.

Барлық жұмыстар жүргізілген жұмыстар журналына енгізілуі тиіс және орындалған жұмыстарды тіркеу үшін Тапсырыс берушінің өкілінің қолы қойылған болуы керек.

8.ӘЛЕУЕТТІ ЖЕТКІЗУШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Нысанның Инженерия жүйесіне техникалық қызмет көрсету және пайдалануды жүзеге асыру үшін Әлеуетті жеткізуші:

- Нысанда үнемі күндізгі ауысымда, сағат 9.00-ден 18.00 –ге жоғары бейінді білімді,1 (бір) КИПиА технигі инженері, жылыту, сумен жабдықтау, кәріз жолдары жүйесіне қызмет көрсету мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі 3 (үш) жылдан кем емес;
- Нысанда үнемі күндізгі ауысымда, сағат 9.00-ден 18.00 –ге жоғары бейінді білімді,1 (бір) жылу технигі инженері, жылыту, сумен жабдықтау, кәріз жолдары жүйесіне қызмет көрсету мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі 3 (үш) жылдан кем емес;
- арнайы орта бейінді білімді немесе мамандығы бойынша 3 (үш) жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар 4 (төрт) слесарь- сантехниктің Нысанда тәулік бойы бекетті ұйымдастыру үшін;.
- Нысанда қосымша күндізгі ауысымға сағат 9.00 ден 19.00 дейін күн сайын, аптасына 7 күн 1 (бір) слесарь- сантехник;
- Жеткізушіде көлігімен құрамында 2 (екі) сантехник, КИПиА мамандары және рұқсаты 4 (төртінші) топтан кем емес электрик және 40 минут ішінде жедел әрекет етуге және қажет болған жағдайда кезекшілік құрамды күшейту үшін апаттық бригаданың болуы.

Әлеуетті Жеткізуші төмендегі жабдықтар және механизмдердің**: ғимаратта ағын,температура, ылғалдықты бақылауға арналған аспаптар, тендерге қатысу өтінішіне аспаптардың бар екендігі туралы құжаттарды растауы қажет.**

Әлеуетті Жеткізуші конкурсқа қатысу өтінішіне қызметтерді көрсету кестесін ай сайынғы нақты бөлу арқылы көрсетуге және оны мемлекеттік сатып алулар сайтында орналастыруға міндетті. Конкурсты өткізген соң 5 күн ішінде Жеткізуші барлық қызметкерлер бойынша құжаттардың толық тізбесін (жеке куәлігі, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар, лауазымдық міндеттері, материалдық жауапкершілік туралы шарттар және Тапсырыс берушінің Нысанында қызметкердің жұмысына байланысты басқа

құжаттар) Тапсырыс берушіге өткізуі қажет және Тапсырыс берушімен ППР кестесін бекітуі қажет.

Жаппай іс-шаралар өткізу кезінде Жеткізуші Тапсырыс берушінің Нысанында шараға дайындық барысында және шаралар аяқталғанға дейін қосымша **бір маманның** болуын қамтамасыз етеді.

Әлеуетті Жеткізуші төмендегідей техникалық жарақтандыру және аспаптардың бар екендігін растауы қажет:

• Төмендегі тізімге сәйкес Тапсырыс берушінің қызмет көрсететін Нысанында Қызметтерді уақытылы, толық және сапалы көрсету үшін меншігінде және/немесе жалға алынған автомобильдің болуы:

- Ассенизаторлық машина- 1 б.;
- қызметтік машина- 1 б.;
- жылжымалы дәнекерлеу аппараты- 1 б.;
- жылжымалы дизель генератор- 1 б.;
- пластик құбырларды пісіруге арналған аппарат- 1 б.;
- гидравликалық трубогиб- 1 б.;
- қысымға арналған насос- 1 б.;
- қолды электр аспабы (шлиф.машинка, дрель, шуруповерт)- 1 б.;
- газбен дәнекерлеу аппараты- 1 б.;
- слесарлық және сантехникалық аспаптар жиынтығы- 1 б.;
- ұсақ жөндеу жұмыстарына арналған шығын материалдары- 1 б.

9.ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ БАРЫСЫНДА ЖЕТКІЗУШІ ПЕРСОНАЛЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жеткізуші персоналы кәсіби білімді және/немесе кәсіби дайындықтан (қайта дайындықтан, қосымша кәсіби білімді) немесе тағайындалған қызметіне сәйкес практикалық жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

Нысанда жұмыс жүргізу барысында. Жеткізуші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты басшы қызметкерлерінің және тұлғаларының сәйкес білім беру мекемелерінде өрт- техникалық минимум курстарында біліктілікті көтеру курстарынан өткендіктері туралы сертификаттардың нотариалды бекітілген үлгілерін көрсетуі қажет.

Жеткізуші персоналдың теориялық дайындығына, тәжірибелік дағды және білімдеріне, Инженерия жүйесінің қиындығына және даралығына байланысты білім жетілдіру, біліктілік және кәсіби шеберліктерін шыңдау бойынша іс-шаралар жүйесін дайындайды.

Нысанда қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қолдау,қаржы, материалды-техникалық құралдарды және мүлікті ұрлауды және жоюды болдырмау, лаңкестік актілерін және басқа құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу үшін, Жеткізушіге бүкіл персоналдың еңбек шарттарының көшірмелерін өткізуі қажет. Жұмысшы жұмыстан шыққан кезде Жеткізуші Тапсырыс берушіге жаңадан жұмысқа кірген жұмысшыға еңбек шартын және бұйрықты өткізеді және Тапсырыс берушіден Нысанға Тапсырыс беруші бекіткен тәртіпте рұқсат алады.

Жеткізуші мамандарымен Қызметтер көрсету үдерісін Тапсырыс берушімен бақылау

Жеткізуші мамандарының білімін шарт мәні және аясы бойынша тексеру:

• Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қатысатын Жеткізушінің барлық мамандары Тапсырыс беруші ұйымдастырған жасалған Шарт мәніне және басқа сұрақтарға байланысты білім және дағдыларына қажеттілік бойынша тексеруден өтеді (соның ішінде, қызмет көрсетілетін жабдықтар бойынша және оларды пайдалану дағдылары бойынша).

• Тапсырыс беруші мамандарының білімін тексеру барысында сәйкес хаттама рәсімделеді. Хаттама тексерілетін білім және дағдылардың бар екендігін растайды, осындай маманды Тапсырыс берушімен Нысанға рұқсат алуға/алмауға, сонымен қатар, Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындауға негіз болады.

Тапсырыс беруші Нысанына рұқсат қағаз.

Жеткізуші мамандарына Тапсырыс беруші Нысанына рұқсат төмендегі жағдайда беріледі:

- Шарттың Техникалық сипаттамасында талап етілген талаптарына сай Қызметтерді көрсету үшін Жеткізушінің ұсынылған барлық мамандары;
- Тапсырыс берушінің қауіпсіздік қызметінде рұқсат қағаз (бейдж) алған мамандары;

- Шарт бойынша жұмыстарды орындауға Қызметтерді көрсететін Тапсырыс берушімен бекітілген Жеткізуші мамандары;
- бекітілген жұмыс кестесіне және мамандардың жұмыс кестесіне енгізілгендер.

• Білім тексерісінен өткен және рұқсат қағаз (бейдж) алған Жеткізуші мамандарына бірақ Тапсырыс берушінің Шарт бойынша Қызмет көрсететін, жұмыс кестесі және мамандардың жұмыс кестесіндегі Тапсырыс беруші бекіткен тұлғалардың тізімі бекітілгенге дейін Нысанда болуға және шарт міндеттемелерін орындауға тыйым салуға құқығы бар.

• Жеткізуші мамандары Тапсырыс беруші Нысанында және аумағында орнатылған талап етілетін рұқсат қағаздық және нысан ішілік режимді сақтауға міндетті.

• Жеткізуші мамандары 3 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің қауіпсіздік қызметі және еңбекті қорғау бөлімдерінде рұқсат қағаздық және нысан ішілік режим, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімдерінен төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда (ТЖ) нұсқаулықтан өтуге міндетті. Өз персоналын негізгі талаптармен және өз бетімен орнатылған процедуралардың жұмыскерлермен сақталуын қамтамасыз етуімен таныстырады.

• Жеткізуші мамандары ТЖ пайда болған жағдайда, Нысаннан шұғыл түрде эвакуациялау кезіндегі ережелерді және қызметкерлердің іс-әрекетінің тәртібін білуге міндетті. Нысан әкімшілігімен, басқа да қызығушылық танытқан меморгандармен ТЖ ескерту және оқшаулау шараларына қатысу.

• Жеткізушінің барлық мамандары Тапсырыс берушінің кез келген аумағында болу кезінде сырт киімнің үстіне орналастырылған арнайы рұқсат қағазы болуы керек. Алынған рұқсат қағаз кіру-шығу кездерінде міндетті түрде көрсетіледі (рұқсат қағаз формасы, оларды есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару тәртібі Тапсырыс берушінің рұқсат қағаздық және нысан ішілік режимінің бекітілген Нұсқаулығымен бекітіледі).

• Рұқсат қағаз беруді Тапсырыс берушінің қауіпсіздік қызметі жүзеге асырады. Рұқсат қағаз алу үшін Жеткізуші және оның мамандары төмендегі құжаттарды Тапсырыс берушіге тапсыруы тиіс:

- Рұқсат қағаз алуға бекітілген үлгідегі тапсырыс;
- әрқайсысының жеке куәліктерінің ксерокөшірмесі;
- 2 (екі) фотосурет мөлшері 3 х 4 см.

• Тапсырыс берушінің аумағынан материалдық құндылықтарды, аспаптарды, жабдықтарды, құжаттарды және басқа да мүліктерді алу, шығару ол мүліктің/құндылықтың Тапсырыс берушіге, немесе оның өкілдеріне тиесілі екеніне, құндылықтар уақытша немесе қайтарымсыз шығарылып жатқанына қарамастан, Тапсырыс берушінің басшылығымен келісімі бойынша бекітілген формадағы материалдық рұқсат қағаздар бойынша жүзеге асырылады.

Жеткізуші мамандарының жұмыс уақытын есептеу

• Тапсырыс беруші мамандарының жұмыс уақытын есептеу мөрмен куәландырылған және Жеткізушінің бірінші басшысының қолы қойылған Жұмыс істелген уақыт табелінің негізінде және сонымен қатар, Жеткізушінің нақты бір маманы нақты бір уақытта істеуге тиіс жұмыс түрінің жұмыс кестесінің негізінде жүзеге асырылады.

• Жұмыс істелген уақыт табелі Тапсырыс берушіге айдың соңында Жеткізушімен көрсетілген қызметтер, орындалған жұмыстар жазылған (басқа ай сайынғы есепті құжаттармен қоса тапсырылады).

• Мамандардың жұмыс кестесі тегі, аты (әкесінің аты болған жағдайда), нақты маманның қызметі, ол нақты бір уақытта жұмысты орындауға тиісті мерзімі, уақыт кезеңінде орындайтын жұмыс түрі, осы нақты секторда осындай жұмысты орындауға кететін маман уақыты көрсетіледі.

• Айдың кез келген уақытында Тапсырыс беруші Жеткізуші мамандарының бекітілген жұмыс кестесіне сәйкестігін тексеруге құығы бар. Жұмыс кестесінде бекітілген орындалатын жұмыстардың нақты міндеттемелерде сәйкессіздігі болған жағдайда Тапсырыс беруші акт жасауға және Жеткізушіге орындалатын жұмыс шарттарын олардың бұзғаны туралы хат жолдауға құқығы бар.

- Көрсетілген сәйкессіздіктер қайталанған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмыстарды орындауға осы санымен, біліктілігімен, тәжірибесімен және Шарттың Техникалық сипаттамасына талаптары қойған шарттарына сай басқа мамандарды талап етуге құқығы бар. Бұл жағдайда, мамандардың орын ауыстыру жұмыс көлеміне және олардың орындалу мерзімінің қысқаруына әкелмеуі керек, қызметтерді көрсету немесе басқа түрде Тапсырыс берушіге теріс мағына береді. Жеткізуші жедел және жұмыс жүргіззу журналын сатып алуға және оны Тапсырыс беруші бекіткен формада ПТЭ, ПТБ талаптарына сәйкес жүргізуі тиіс.

Өзге талаптары және шарттары

Жеткізуші шарт бойынша қажетті қызметтерге қажетті барлық шығын материалдарын, жұмысқа арналған инвентарь және жабдықтар, персонал униформасын, шағын жөндеулерге шығындарын өз қаражатымен және өз күшімен жүзеге асырады.

Апатты жөндеу шығындалатын материалдар, торарптар және бөлшектердің істен шыққан қымбат жабдықтардың кезінде қолданылған жеткізуші кінәсынан болса, шарт сомасынан 10% құнынан аспауы тиіс. Барлық басқа шығындарды тапсырыс беруші өтейді.

Техникалық қауіпсіздік нормалары және ережелерін, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, СЭС нормаларын, экологиялық және басқа нормалар және ережелерді ҚР заңнамсына сай сақтауды жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші өз қалауымен Жеткізушіге адамдарды табуға, жеке заттарды сақтауға, тамақ ішуге және т.б. тұрғын-жай, сонымен қатар құралдар және жабдықтарды сақтауға бөлме беруге тиісті.

Жеткізуші Қызметтерді көрсету барысында ҚР заңдылықтарын және басқа құқықтық актілердің талаптарын сақтауға міндетті. Жеткізуші көрсетілген талаптардың бұзылғаны үшін толық жауапкершілікте болады.

Жұмыстарды жүргізу барысында Жеткізуші:

- еңбекті қорғау талаптарын сақтауға;
- қауіпсіз жұмыс өндірісін қамтамасыз етуге;
- еңбек қауіпсізідігін қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- өз жұмысшыларын ақаусыз аспаптармен, құралдармен және жеке қорғаныс құралдарымен, арнайы киіммен, аяқ -киіммен қамтамасыз етуге және олардың дұрыс қолданылуын бақылау жасауға;
- жабдықтар, электр аспаптары, технологялық жарақтардың ақаусыз күйін және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге;
- Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғаларының жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру тексерулерін жүргізуге қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуе;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға жауапты басшы қызметкерлерінің және тұлғаларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт техникалық минимум бойынша сәйкес білім беру мекемелерінде біліктілікті көтеру туралы курстарынан өткендігі туралы бекітілген үлгідегі нотариалды расталған сертификаттар көшірмесін ұсыну.

Жеткізуші өз міндеттемелерін тиісті орындамау салдарынан адамдардың денсаулығына тигізген зиянына байланысты толық материалдық жауапкершілікте және тәуекелдікте болады.

Тапсырыс беруші Жеткізуші қызметкерлерін төмендегідей жағдайларда жұмысқа рұқсат етпеуге құқығы бар (маскүнемдік және нашақорлық масаю, ауырғанда, ұсқынсыз сыртқы келбеті, еңбекті қорғауды, СЭС талаптарын бұзғанда және т.б.).

10. ТӨЛЕМГЕ НЕГІЗ ҚҰЖАТТАР

- Тапсырыс берушімен бекітілген жұмыс кестесі және Жеткізушінің жұмыс кестесі;
- жұмыстар кестесіне сай орындалған жұмыстарды қабылдау және тапсыру актісі, 2 данада;
- Тапсырыс беруші бекіткен форма бойынша жұмыстар жүргізу журналын міндетті жүргізу; қол қойылған жұмыс журналы;
- Жеткізуші персоналы бойынша табелдьдерді (заказ-наряд) аптай сайын тапсыру;
- талап бойынша фотосуреттер және схемалар;

- Тапсырыс беруші келіскен форма бойынша ай сайынғы шығармашылық есеп;
- қаржыландыру кестесі;

шығын материалдарын және жабдықтарды есепті кезеңде сатып алу туралы растайтын (шот-фактура, немесе тауар чегі) құжаттама.

Бас инженер **Алаев Ю.П.**

Бас энергетик **Чудин Е.М.**

Таблица 1

Перечень оборудования, передаваемого Поставщику

в техническое обслуживание и эксплуатацию

№ п/п	Наименование оборудования	Ед. изм.	Кол.
1	Тепловые пункты	шт.	12
2	Теплообменники	шт.	24
3	Циркуляционные насосы	шт.	36
4	Расширительные баки	шт.	12
5	Запорно- регулирующая арматура	Компл.	1
6	Контрольно-измерительные приборы и оборудование автоматического регулирования	Компл.	1
7	Распределительные гребенки	шт.	12
8	Электрокотел догрева воды	шт.	13
9	Смесители	шт.	124
10	Унитазы	шт.	99
11	Умывальники	шт.	118
12	Писсуары	шт.	26
13	Трубопроводы и крепления к ним	Компл.	1
14	Душевые смесители	шт.	16
15	Трапы	шт.	24
16	Приборы учета	шт.	25
17	Выпускные колодцы	шт.	12
18	Приборы отопления (радиаторы, конвекторы)	шт.	426

Главный инженер **Алаев**
Ю.П.

Главный энергетик **Чудин Е.М.**